

"Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 14 қаңтардағы № 14 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 23 қыркүйектегі № 1087 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 8 ақпандағы № 109 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 08.02.2013 № 109 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 14 қаңтардағы № 14 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., № 1, 7-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін: көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігі туралы ережеде:

1 5 - т а р м а қ т а :

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«4) жерге орналастыру, мемлекеттік жер кадастры мен жер мониторингі жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді және нормативтік құжаттарды, әдістемелерді әзірлеу және бекіту;»;

мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

«4-1) салалық көтермелеу жүйесін әзірлеу және бекіту;»;

13) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«13) нормативтік құқықтық актілерді және геодезиялық өндіріске және картографиялық жұмыстарға қойылатын техникалық талаптарды әзірлеу және б е к і т у ; » ;

31) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«31) Қазақстан Республикасы Жер Кодексінің 148-бабы 1-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген мәселелер бойынша сотқа талап-арыз дайындау және б е р у ; » .

мынадай мазмұндағы 49-1) тармақшамен толықтырылсын:

«49-1) шетел азаматтарына, азаматтығы жоқ адамдарға және шетелдік заңды тұлғаларға ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін беру мәселелері жөнінде жергілікті атқарушы органның, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың ұсыныстарын келісу;»;

52) тармақшада «әзірлеу.» деген сөз «әзірлеу;» деген сөзбен ауыстырылсын;
мынадай мазмұндағы 53) және 54) тармақшалармен толықтырылсын:
«53) жер ресурстарын басқару саласындағы мемлекеттік гендерлік саясатты
і с к е а с ы р у ;
54) Агенттік өз құзыреті шегінде мемлекеттік қызметтерді көрсеткен кезде
тұтынушылардың құқығын қорғауды қамтамасыз ету.».

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

*Қазақстан Республикасының
К. Мәсімов*